



№ _____ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Өскемен қ.

20__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі, Өнім беруші деп аталатын «Өскемен жылу жүйелері» АҚ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу / қайта тіркеу туралы куәлік № 3098-1917-АО, берілген күні 20.10.2014ж., беруші орган Өскемен қаласы Әділет басқармасы) жылу энергиясын сату бөлімінің басшысы Лариса Викторовна Пактың атынан, 03.01.2018 ж № 05-19/6 сенімхат негізінде әрекет ететін бір тараптан, және қызметті пайдаланушы (көп пәтерлі тұрғын үйдің, жеке үйдің, аумақтық оқшауланған нысанның тұрғылықты немесе тұрғылықты емес бөлмесінің меншік иесі)

(шаруашылық жүргізуші субъектісінің атауы, немесе жеке тұлғаның А.Ә. Т.)

мекенжайы Өскемен қ. _____ көш. _____ үй, _____ корпус, _____ пәтер/т.е.к., (жеке тұлға үшін, тұрғылықты бөлменің иесі, жеке тұрғын үйдің меншік иесі үшін - осы келісім жасалатын жылжымайтын мүліктің мекен-жайы көрсетіледі, көп пәтерлі тұрғын үйдің, жеке үйдің, аумақтық оқшауланған нысанның тұрғылықты немесе тұрғылықты емес бөлменің меншік иесі үшін – заңды мекенжайы көрсетіледі), Тұтынушының электронды мекенжайы _____, тұрғылықты бөлменің (пәтердің, үйдің) жалпы ауданы _____, шарт жасасу сәтінде тұрғылықты бөлмеде (пәтерде, үйде) тұратындардың саны _____, жеке басын куәлендіретін құжат № _____, берілген күні _____, беруші орган _____, тұрақты тұратын орны бойынша _____ қ., _____ көш, № _____ үй, № _____ пәтер, _____ негізінде әрекет ететін _____

(лауазымы, А.Ә. Т.)

екінші тараптан, бұдан әрі жеке «Тарап» деп аталып, бірлесе «Тараптар» деп аталып, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі - тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу желісінің теңгерімдік тиесілігінің шекарасы - Өнім беруші мен Тұтынушы арасындағы жылу желісін оның теңгерімдік тиесілігіне сәйкес бөлу нүктесі (сызығы);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу - Тұтынушының Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі - жылу көздері, жылу желілері және жылуды тұтыну қондырғыларының жиынтығы;

жылу тұтынатын қондырғы - жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған қондырғы;

жылу желісі - жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - жылу тұтынатын қондырғылардың және/немесе желілердің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын тараптардың жылу тұтынатын қондырғыларын және/немесе желісін бөлу нүктесі (сызығы), кондоминиум объектісін басқару органының басқаруындағы көп пәтерлі тұрғын үйлердегі Тұтынушының және энергия беруші ұйымның немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымның арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабы (Элеватор) кірісіндегі ысырмаларының алғашқы бөлу фланеці бойынша айқындалады;

төлем құжаты - Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы - тұрмыстық мақсаттар үшін жылу энергиясын беру қызметін пайдаланатын немесе пайдаланғысы келетін жеке тұлғалар немесе жылу энергиясын жеткізуді экономикалық (коммерциялық) немесе кәсіптік қызмет үшін пайдаланатын немесе пайдалануға әрекет етуші жеке немесе заңды тұлға;

кондоминиум нысаны - жеке және заңды тұлғалардың жекелеген жеке меншігі болып табылатын тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайдан, ортақ үлестік меншік құқығындағы мемлекеттік және ортақ мүліктен тұратын бірыңғай мүліктік кешен болып табылады;

кондоминиум нысанын басқарушының сенім білдірушісі - кондоминиум нысанын жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті;

өлшеу құралдарын тексеру - өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

өнім беруші - өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

2. ШАРТТЫҢ НЫСАНАСЫ

2. Міндетті талаптар:

2.1. Жылу энергиясын Тұтынушыға беру мына негізде жүргізіледі:

- осы жылумен жабдықтау шарты;
- қосылуға (аумақтық оқшауланған нысанның /бөлменің немесе тұрғын үйдің ішінде орналасқан және жеке басқару торабы бар меншік иесі үшін) техникалық шарттардың орындалуы;
- түпкі тұтынушыларға жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтерді Өнім беруші кондоминиум нысанының басқару органы мен нарық субъектілері арасындағы ынтымақтастық шарты (осы шартты кондоминиум нысанын ұстау қызметін жүзеге асыратын кондоминиум нысанының басқару органының сенім білдірілген тұлғасы жасасады);
- тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу актісі (аумақтық оқшауланған нысанның /бөлменің немесе тұрғын үйдің ішінде орналасқан және жеке басқару торабы бар меншік иесі үшін);
- жылу энергиясын есептеу аспабының және пайдалануға рұқсат актісінің болуы (пайдалануға жаңадан енгізілген нысандар үшін);
- Тұтынушының аумақтық оқшауланған нысанының жүйелерінің техникалық дайындық актісі немесе "Тұтынушы"-кондоминиум мүшесінің көппәтерлі тұрғын үй орналасқан тұрғын немесе тұрғын емес үйдің жылумен жабдықтау жүйелерінің жылумен жабдықтауының техникалық дайындық актісі;
- Тұтынушының нысандарын қосу актісі немесе "Тұтынушы"-кондоминиум мүшесінің жылумен қамтамасыз ету нысаны орналасқан көп пәтерлі тұрғын үйлерін қосу Актісі.

2.2. Жылу пайдаланатын қондырғыларын, жылу желілерін, жылыту аспаптарын жұмысқа қосуды «Тұтынушының» персоналы, егер ол Өнім берушінің немесе ПИК, немесе басқа осы Шарттың 2.1. т. сәйкес өз меншігінде көп пәтерлі тұрғын үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын тұрғын немесе тұрғын емес бөлмелері бар "Тұтынушы" - кондоминиум мүшесінің нысанына қызмет көрсететін уәкілетті органмен жылу желілеріне қосылған аумақтық оқшауланған нысандары бар болса жүргізеді. Өнім берушінің өкілі пломбаны алады, Актіні толтырады. Өшіру (соның ішінде, "Тұтынушының" қалауы бойынша) осыған ұқсас жүргізіледі.

2.3. Өнім беруші ұсынатын Тұтынушы қабылдайтын жылу энергиясының мөлшері есептеу аспаптарының көрсеткіштерін ескере отырып, оларды есептеуден бұрын - нақты тұтыну есебіне сәйкес анықталады.

2.3.1. Өнім беруші Тұтынушыға (аумақтық оқшауланған нысанның, жеке тұрғын үйдің, көп пәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес бөлмесінің меншік иесіне) жылу энергиясының мөлшерін Гкал / сағ ең жоғарғы жылу жүктемесімен береді: Осы Шарттың № 1, № 2 Қосымшасына сәйкес жылытуға, желдетуге, ыстық сумен қамтуға, Тұтынушының желідегі жоғалтуына береді;

2.3.2. Өнім беруші Тұтынушыға (көп пәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес бөлмесінің меншік иесіне) жылу энергиясын береді:

1) жылытуға - Қазақстан Республикасының нормативтік техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес жылытылатын тұрғын бөлменің ішіндегі ауа температурасын ұстап тұру үшін қажетті мөлшерде;

2) ыстық сумен қамтамасыз ету қажеттілігіне - Қазақстан Республикасының нормативтік техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес мөлшерде.

2.4. Тұтынушы – мемлекеттік мекеме (кәсіпорын) Өнім берушіге 151 "Коммуналдық қызметтерді төлеу" шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша бюджеттік бағдарламаның аясында қаржыландыру жоспарының бекітілген көшірмесін ұсынады. Мемлекеттік сатып алу жоспарын толтыру кезінде және осы Шартты мемлекеттік сатып алу порталына орналастыру кезінде, «Шарттың мәні» тарауында көрсету қажет: ТЖҚЖ _____, атауы – "Жалпы энергиямен жабдықтау бойынша қызметтер", қосымша сипаттама «Жылу энергиясы».

Осы Шартқа сәйкес, Өнім беруші Тұтынушыға (мемлекеттік мекемеге, кәсіпорынға) 201____ ж. 1-ші қаңтардан бастап 201____ ж. 31-ші желтоқсанға дейін жылу энергиясын жалпы сомасы,

(сомасын санмен және жазбаша әріптермен көрсету)

соның ішінде ҚҚС, _____.

(сомасын санмен және жазбаша әріптермен көрсету)

Жылу энергиясын тұтынудың нақты сомасы тұтыну дерегі бойынша анықталады. Жылу энергиясын нақты тұтынудың өсуі / азаюы жағдайында немесе жылу энергиясына арналған тарифтің өзгеруі жағдайында төлем сомасы белгіленген тәртіпке сәйкес түзетіледі.

3. Өнім беруші Тұтынушыға жылу энергиясын қосылған желі арқылы беруге міндеттенеді. Бұл ретте, тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Өнім беруші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3. КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

4. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды:

4.1. жылыту маусымы кезеңінде жылытуға;

4.2. ыстық сумен қамтамасыз ету қажеттілігіне – тәулік бойы, жыл бойы, Өнім берушінің жылу желілеріндегі және жабдықтардағы жоспарлы жөндеу жүргізу, пайдалану сынау және апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жағдайларын қоспағанда;

4.3. Жылытпайтын маусымда ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысы техникалық себептер бойынша мүмкін емес, ыстық сумен жабдықтау тек жылыту кезеңінде жүзеге асырылатын Тұтынушылар үшін жүргізеді.

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін Шартта көрсетілгеннен асыруына, бірақ алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан аспайтын, Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Өнім берушіге Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді;

7. Өнім беруші Тұтынушыға жылу энергиясын беруді электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда тоқтатуға құқылы, оның ішінде:

7.1. мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі апаты қаупін туғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін

жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар етіп және толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізіп;

7.2. жылу тұтыну қондырғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

7.3. осы Шарттың 7.8. тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

7.4. жылу тұтыну қондырғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

7.5. жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

7.6. тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7.7. жылу тұтыну қондырғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы әктісіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда тиісті дайындалған персонал және жылу тұтыну қондырғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

7.8. тараптардың келісімдерімен өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемін 30 %-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге құқылы;

7.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Өнім берушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы мен шектеуі Тұтынушыны ескертумен:

осы тармақтың 7.1., 7.4. және 7.5. тармақшаларында көзделген жағдайларда - жедел түрде;

осы тармақтың 7.6. тармақшаларында көзделген жағдайларда - жылумен үздіксіз жабдықтау объектілерін қоспағанда, кемінде үш тәулік бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Тұтынушының жазбаша түрде ескерту Тұтынушының өзіне немесе оның өкіліне, қолын қойдырып беріледі немесе Тұтынушыға тапсырыс хатымен, жылу энергиясын жеткізуді тоқтатудан немесе шектеуден кем дегенде үш күн бұрын электронды пошта, тұтынушы факсына жіберу арқылы жүзеге асырады, ал осы тармақтың 7.1. тармақшасында көзделген жағдайда Тұтынушы телефонограммамен хабарландырылады.

Көп пәтерлі үйлерде тұратын Тұтынушыларға 7.1., 7.3., 7.4., 7.7. тармақшаларда көзделген жағдайларда жылу энергиясын берудің тоқтатылатыны немесе шектелетіні туралы ескерту кондоминиум нисанын басқару органының уәкілетті тұлғасының мекенжайына хат, телефонограмма жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Жеткізушінің жабдықтарын және жылу желілерін алдын-ала жөндеу кезеңінде жылу беру кезеңінде жылу энергиясын жеткізуді тоқтату туралы ескерту тұтынушының кондоминиум нисанының басқару органына ақпарат беру арқылы, БАҚ-та ақпаратты Өнім берушінің веб-сайты (<http://www.ukteplo.kz>) арқылы жүзеге асырылады.

8. Жабдықтарды жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу, Өнім берушінің жабдықтары мен жылу желілерін сынау қажет болғанда және резервтік қоректендіру жоқ болса Тұтынушыны ажырату тәртібі Жылу энергиясын пайдалану Қағидаларына сәйкес көзделеді.

4. ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

9. Тұтынушы жылу тұтыну қондырғыларын жылу энергиясы үшін есеп айырысу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен (жылуесептегіштер, суесептегіштер) қамтамасыз етеді. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Өнім беруші алған және орнатқан жағдайда Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамаларында көзделген тәртіппен жылу энергиясын есепке алу аспабын алу мен орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу жеткізгіштің жылу энергиясын есепке алу тараптарының техникалық жай-күйі нормативтік техникалық құжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезең-кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның танбасы болуы қажет.

Жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың аспаптарының (жеке және жалпы үйлік) мұрағаттық тәуліктік көрсеткіштерін алу әрбір есептік айдың соңғы 25-ші жұмыс күніне дейінгі мерзімде Өнім берушінің өкілі (мамандандырылған монтаждау ұйымдары) Тұтынушының не болмаса оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштерді қашықтан алатын есепке алу аспаптары орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді. Жалпыүйлік есепке алу аспабының көрсеткішін алуды Тұтынушы, кондоминиум нисанының енетін кондоминиум нисанын басқару органының тұлғасында жүзеге асырады.

Жеке үйлерде орнатылған жылу есептегіштердің соңғы көрсеткіштерін және суды есептегіштердің соңғы көрсеткіштерін Тұтынушы өз бетінше: www.ukteplo.kz веб-сайты арқылы, электронды мекен-жайына ukts.sms@mail.ru, 560-900 нөмірі арқылы тәулік бойы автожауапкерге, 8 777 535 52 69 немесе 8 702 224 24 80 нөміріне "SMS-хабарлама" жіберу арқылы, Call Center операторы арқылы 700-202 нөмірі бойынша (көрсеткіштерді беру кезінде жылумен қамту шартының №, мекенжайы, есептегіштің №, көрсеткіштері көрсетілуі тиіс) немесе дербес қызмет көрсету орталығында, белгіленген формадағы бланкте береді.

Өнім берушіге жылу есептеуіштерінің (жеке және жалпыүйлік жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының) көрсеткіштерін бермеген жағдайда, тұтыну нормалары (есептік жылу жүктемелері) негізінде, алдыңғы жылуесептегіш көрсеткіштерін берген күннен бастап есеп айырысу айынан кейінгі 1- күніне дейінгі есеп айырысу кезеңіндегі тұтынылған жылу энергиясының саны анықталады.

Тұтынушының кінәсінен екі есеп айырысу кезеңі ішінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкіндігі болмаған кезде және бұл ретте Тұтынушы Өнім берушіге өзінің тұтынған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті энергия беруші ұйымға ұсынбаса, онда Өнім беруші өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін нақты тұтыну бойынша кейін қайта есеп айырысу жүргізе отырып, жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есеп жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға мүмкіндіктің болмауы Өнім берушінің журналына тиісті жазбамен расталады.

11. Есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеру, жөндеу және техникалық қамтамасыз етуді энергия беруші ұйым немесе осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

12. Тараптар өздерінің теңгерімдеріндегі есепке алу аспаптарына өз есептерінен метрологиялық стандарттарға сәйкес көзделген мерзімдерде метрологиялық тексеруді жүргізеді.

Тараптар талап ететін тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеру, жөндеу және техникалық қамтамасыз етуші мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

12.1. Жылу энергиясын есептегіштерді тексеру және жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін тұтынушы өзі немесе мамандандырылған орнату ұйымының көмегімен құрылғыны іске қосу үшін оны пайдалануға рұқсат ету үшін реттейді және дайындайды.

12.2. Есептегіш аспаптарды пайдалануға рұқсат ету үшін (бастапқыда немесе жөндеуден, тексеруден кейін) Тұтынушы Өнім берушіге өтінім береді. Есептік жазбаның құрылғыларының көрсеткіштері негізінде жылу энергиясын және жылу тасымалдағышты есепке алу Тараптардың есептегіш аспаптарды пайдалануға рұқсат Актісіне қол қою сәтінен бастап жасалады.

13. Өнім беруші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясы мөлшері есепке алу аспаптарының (жеке, жалпы үйдің, жалпы подъездің немесе пәтерішінің) көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаған кезде, төлемақы мөлшері осы елді мекен (өңір) үшін Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген нормалар бойынша айқындалады және оны уәкілетті органның ведомствосы бекітеді. Тұтынушының, жеке үй құрылыстары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншік иелерінің есепке алу аспаптары болмаған кезде, Өнім беруші қойған және Тұтынушы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері тұтыну нормалары (есептелген жүктемелер) бойынша анықталады.

14. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі ысыраптар желінің аталған учаскесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатады. Жылу ысыраптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім берушімен есеп айырысу жолымен анықталады.

Ыстық сумен жабдықтау қажеттіліктері үшін жылу энергиясын беруді Тұтынушының есепке алу нүктесінде ыстық сумен жабдықтау құбырының ойығында жүргізіледі.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтыну қондырғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алу аспабының (жылуесептегіштің) бұзылуына байланысты немесе тексеруге байланысты істен шыққан жағдайда Өнім беруші көрсетілген кезеңдерге есепке алуды келесідей жасайды:

16.1. жылу энергиясын тұрмыстық мақсатта пайдалантын жеке тұлғалар үшін – есепке алу аспаптары жоқ Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс;

16.2 шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жеке тұлғаларға, жеке тұрғын үйлердің меншік иелеріне:

16.2.1. егер аспаптардың ажыратылу уақыты 10 тәуліктен аспаған болса, жылу тұтыну мәні және желілік суды тұтыну аспаптардың жұмысы тоқтатылғаннан кейін әрбір тәулік сайын, есепке алу аспаптарының ажырату алдындағы орташа тәуліктік шығынына тең қабылданады;

16.2.2. егер аспаптардың ажыратылу уақыты 10 тәуліктен астам болса, аталған кезеңдерде есептеу тұтыну нормалары бойынша (есептік жылу жүктемелері) жүргізіледі, бірақ есеп қалпына келтірілуі керек болған бір айдан аспауы керек.

Есептегіш аспапты белгіленген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, тұтынылған жылу энергиясын есептеу тұтыну нормаларына (есептік жылулық жүктемелерге) сәйкес есептелетін құрылғылардың (жылу есептегіштің) жұмыс қабілеттілігі қалпына келтірілгенге дейін және тараптар қабылдау актісіне қол қойғанға дейін жасалады.

Суесептеуді жөндеуге немесе салыстырып тексеруге шығару кезінде, есептеу ыстық сумен жабдықтау үшін кететін су шығынының нормасы бойынша жүргізіледі. Одан әрі суесептегіш көрсеткіштері бойынша есеп айырысу Өнім берушінің өкілімен немесе осындай қызмет түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен және қайта пайдалануға рұқсат беру Актісін жасай отырып және тексеру кезінде бастауыш айғақтарды тіркеу арқылы жасалады.

Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарының ақауын анықтаған кезде тұтынушы дереу Өнім берушіні хабардар етеді.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда сақтауға жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімінде есепке алу аспабын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушы өзін жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

17. Тұтынушы:

17.1. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді уәкілетті органның ведомствосы белгілеген тәртіппен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша сатып алуға;

17.2. осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

17.3. тараптардың келісімімен кәсіпкерлік мақсат және тұрмыстық тұтынуға қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

17.4. Шартта белгіленген кәсіпкерлік мақсат үшін тұтынылатын жылу энергиясы санын өзгертуге;

17.5. Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпарат алуға;

17.6. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

17.7. Өнім берушіден жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

17.8. Өнім берушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қайта есеп айырысуды талап етуге;

17.9. Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

17.10. жария тыңдауларға қатысуға;

17.11. Өнім берушіні хабардар еткен және Өнім беруші ұсынған қызмет көлеміне толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

17.12. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

17.13. Өнім берушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушіге жазбаша хабарлап біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. Тұтынушы;

18.1. Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушінің жылумен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

18.2. Өнім берушіге есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шықты деп есептеледі;

18.3. пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Өнім берушіге апаттар, өрттер, есепке алу аспабының бұзылулары және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар мен төтенше жағдайлар туралы дереу хабарлауға, апатты жағдайларда желіден зақымдалған аумақты немесе зақымдалған жабдықты шұғыл түрде ажыратуға, өз күшімен және құралдарымен жедел жөндеу жұмыстарын жүргізуге, жылуды тұтыну жүйелерінің қатуына байланысты жылуды қолданатын жабдықтың жұмыс жағдайын жоюға қарсы шаралар қабылдау;

18.4. жоспарлы жөндеулер, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну қондырғыларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Өнім беруші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

18.5. желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтынатын қондырғыларға Өнім беруші және Мемлекеттік энергия бақылау өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

18.6. Шартты бұзу кезінде (жылжымайтын мүлікті сату және т.б.) есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиямен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтеріне қарызын өтеуге міндетті.

19. Өнім берушінің;

19.1. Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылардың сақтаулары үшін міндетті техникалық шарттарды белгілеуге;

19.2. Жылу энергиясын пайдалану Қағидаларында белгіленген тәртіпке сәйкес есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды тексеруді ұйымдастыруға;

19.3. осы Шарттың 7-тармағының 7.6. тармақшасында көзделген тәртіппен, осы Шарттың 7-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда Шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;

19.4. уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

19.5. уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылуы кезінде жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

19.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқығы бар.

20. Өнім беруші;

20.1. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайларды ұсынуға;

20.2. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

20.3. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушылардан төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге;

20.4. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге;

20.5. жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

20.6. Тұтынушыға өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар белгілеген сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

20.7. жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына қайта есептеу жүргізуге және жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

20.8. Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бақылауды жүргізуге, жылу энергиясы сапасының бұзылуының алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

20.9. Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күнінен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есеп айырысу жүргізуге;

20.10. осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жылумен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

20.11. есепке алу аспабының істен шығуы Тұтынушының кінәсінен болмаған жағдайда, жылу энергиясы есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

20.12. тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шектік деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуге;

20.13. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Тұтынушы үшін жылу энергиясы тарифтерін төмендетуге;

20.14. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өнідіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

20.15. жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін Тұтынушы өкілдерінің (мамандандырылған монтаждау ұйымының) қатысуымен алуға не энергия беруші ұйым өкілдерінің көрсеткіштерді тұтынушы өкілдерінің қатысуымен алуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. ТАРАПТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

21. Тұтынушыға кварталішілік желілерді қайта жабдықтауға, Өнім берушінің келісімінсіз реттегіш және бекіткіш арматураны орнтауға, қосуға, энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген қауіпсіз пайдалану талаптарына және басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықтар мен қондырғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға, сондай-ақ жылыту жүйелеріндегі жылу жеткізгішті мақсаты бойынша пайдаланбауға жол берілмейді.

22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларын бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

23. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді;

24. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда Тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.

Өскемен қаласының банктерінде қызмет көрсетілуші Тұтынушы (шаруашылық субъектісі) банктерде төлем құжаттарын алады, ал басқа жағдайларда төлем құжаттарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Өнім берушінің шоттарындағы төлем құжаттары алынады.

25. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сома қайтарылады.

26. Егер коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулығының нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

27. Шот-фактурада немесе төлем құжаттарында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

27.1. Тұтынушы (шаруашылық субъектісі) кемінде тоқсанына бір рет осы Шарт бойынша өзара есеп айырысуды салыстырады. Тұтынушы (жеке тұлға) осы Шарт бойынша өзара есеп айырысуды кем дегенде жылына 1 рет жасайды;

27.2. Егер Тұтынушы пайдаланылған жылу энергиясы үшін және басқа да төлеудің белгіленген тәртібіне сәйкес бұзушылықтары үшін ажыратылса, оны қосу қарызды өтегеннен кейін және оны қайта қосу құны Өнім берушіге қайтарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

28. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді қалпына келтірудің уақыты (күні, сағаты) белгісі қойылып, Өнім берушінің диспетчерлік қызметі журналында белгіленуі қажет.

29. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және беруші және қабылдаушы тұлғалардың тектері көрсетілген телефонограммамен хабардар етеді. Телефонограммада тауар сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Өнім беруші өкілінің болуының қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Өнім беруші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс. Көшірмеде оның түсуін тіркеу сәтінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдап алған өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған жағдайда өтінім дереу, параметрлері нашарлаған жағдайда - ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Өнім беруші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орта тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

30. Өнім берушінің жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы мыналар көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;

тауар сапасы нашарлауының сипаты;

өтінім берудің уақыты және оны тіркеу нөмірі (Өнім берушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);

тауардың болмаған (сапасының нашарлаған) кезеңі.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз куә қол қояды да, Өнім берушіге жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы Мемлекеттік энергетикалық қадағалауға немесе сотқа талап арыз беруге құқылы.

31. Желілік суда өз бетімен алған, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну қондырғыларын қосылған, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптары бұзылған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым акті жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе мөлшерде қайта есеп айырысу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылыту желілері үшін жылыту кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйымы өкілінің және тұтынушының немесе оның өкілінің қолдары болғанда жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы ресімдеген жағдайда жарамды болып табылады.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

32. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

33. Шот бойынша ақы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін (Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), Өнім беруші Тұтынушының төленбеген сомалары бойынша төлемді кешіктірген әрбір күні үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені нақты орындау күніне 0,3%, мөлшерде, бірақ негізгі борыш сомасының 25% аспайтын айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26 күні болып табылады.

34. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті ұсыну Өнім берушімен Шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

35. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ МӘН-ЖАЙЛАР

36. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуінде келтірілген залалдың орнын толтыруға құқықтары болмайды. Кез келген тараптың талабы бойынша осындай жағдайда өзара міндеттемелерді орындауды айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де біреуі еңсерілмес күш жағдайлары болғанға дейін пайда болған Шарт бойынша міндеттерінен босатылмайды.

37. Егер тараптардың бірі Шарт бойынша өз міндеттемелерін еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде орындауға жағдайы болмаса, екінші тарапты алдын ала жазбаша хабардар ету шартымен, екінші тараптың Шартты бұзуға құқығы бар.

11. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

38. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсету шартын Тараптар жеке тәртіппен жасайды.

38.1. Осы Шартқа қол қою арқылы Тұтынушы осы жылумен қамту Шартының орындалуына байланысты және / немесе «Өнім беруші» мен «Тұтынушының» басқа да қарым- қатынастарын (техникалық шарттарды, тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлуді рәсімдеу, осы Шартты, осы шартқа қосымша келісімдер мен қосымшалар, төлем құжаттары, алымдарды өткізу, төлемдер, есептеулер және жылыту байланысты басқа да мәселелерді рәсімдеу) өңдеу, сақтау және пайдалану үшін өздерінің жеке деректерін Өнім берушіге беруге келіседі.

38.2. Отбасы құрамы өзгерген жағдайда, тұрғылықты жері, меншік құқығы, тұтынушының ұйымдық-құқықтық нысанының атауы, оның мекен-жайы немесе банк реквизиттері, ведомстволық үлестес немесе меншік нысаны, тарату (банкроттық) процесін бастауды жариялау, қайта ұйымдастыру немесе мән-жайлардың өзгеру сәтін тіркеген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Өнім берушіні хабардар етуді жүзеге асырады.

38.3. Үйде (пәтерде) тұратын (бір немесе бірнеше) тұлға бір айдан артық мерзімге уақытша кетіп қалған жағдайда, коммерциялық есепке алу аспабы болмаса, тұтынылған ыстық суға бір адамға есептелетін төлем, олар жоқ кезде алынбайды. Өтініш берілген және растайтын құжатты ұсынған (емдеу мекемесінің анықтамасы немесе жұмыс орнынан санаторийге жолдаманың түбіршегі туралы анықтама, уақытша тұратын орны бойынша тіркеу және тағы сол сияқтылар) жағдайда қайта есептеу есеп айырысу кезеңіне орындалады және төлем құжаттарында көрсетіледі. Төлемді қайта жасауға әкеп соққан барлық өзгерістер, Тұтынушы өтінішті берген сәттен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде, растайтын құжаттарды ұсынған кезде Өнім берушіге өтініш берген сәттен бастап жасалады.

38.4. Тұтынушы – осы Шарттың 44.2-тармағында көрсетілгендей жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы келісімдер, Мердігерлік келісімшарттар және кез-келген басқа келісімшарттар бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу құқығына рұқсатқа сәйкес жылумен жабдықтау учаскесінде құрылыс-монтаждау, аяқтау және ұқсас жұмыстар жүргізу бойынша Өнім берушіге ұсынуға міндетті:

38.4.1. Нысанды пайдалануға қабылдау туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісінің көшірмесін;

38.4.2. Тұтынушының теңгерімдік тиесілікті бөлу туралы актісіне және тараптардың пайдалану жауапкершілігіне сәйкес балансына тиесілі жылу трассасын қабылдау-беру актісінің көшірмесін;

38.4.3. тұрғындардың санын көрсету арқылы сатылатын үйлердің (пәтерлердің) иелерінің тізімін;

38.4.4. үйдің меншік құқығын растайтын құжаттар (сату туралы келісім-шарт және т.б.), әділет органдарында міндетті түрде тіркелу арқылы, пәтердің жоспары (ауданды көрсетумен);

38.4.5. жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы заңнамаға сәйкес кондоминиум нысанын тіркеуді растайтын құжаттар;

38.4.6. кондоминиум нысанын басқару туралы (кондоминиум нысанына арналған басқару келісімі) уәкілетті тұлғаны таңдаумен, жылуды тұтыну жүйелерін беру үшін қажетті құжатты;

38.4.7. үйдің (пәтерлердің) меншік иелерінің қызметтің аталған түріне құқығы бар ұйыммен ішкі жүйені жүргізу туралы шарт жасасуға уәкілеттік берген тұлға.

38.5. Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады:

38.5.1. қолданыстағы бөлу актісіне сәйкес келетін жылулық жүктемелерді есептеу - №1 қосымша;

38.5.2. жылуды және ыстық суды тұтынуды жылдық бөлу - №2 Қосымша;

38.5.3. тараптардың қолданыстағы теңгерімдік тиесілікті пайдалану жауапкершілігін бөлу туралы актісі - Қосымша №3 (көп пәтерлі тұрғын үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын және басқарудың жеке торабы жоқ тұрғын және тұрғын емес бөлменің меншік иесі - Тұтынушыға – №3 Қосымша Өнім беруші бермейді).

38.6. Өнім берушімен үнемі байланыста болу және жылу энергиясын шығарумен байланысты әртүрлі мәселелерді үйлестіру үшін Тұтынушы (кәсіпкерлік субъектісі) өзінің жауапты өкілін _____ тел. _____ тағайындайды.

39. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе толық немесе Шарттың ережесіне қатысты әрекет бойынша туындаған қандай да бір даулар мен келіспеушіліктер жағдайында тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндап қарсылығын басқа тарапқа жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

40. Келісімге келмеген жағдайда Шарт бойынша келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі. Осы Шарт бойынша аумақтық соттылық Өскемен қ.

Сараптамалық бағалауды, Өнім беруші мен Тұтынушы арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, оның құзыреті шегінде осы жұмыс түріне рұқсаты бар сараптама ұйымы жүзеге асырады.

41. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

42. Шарт тараптарда сақталатын және бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12. ШАРТТЫ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ

43. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың өзара қарым-қатынастарының өзара әрекетін 20__ жылдың "__" _____ бастап 20__ жылдың "__" _____ дейін, ал өзара есеп айырысу және өзге де міндеттемелері бөлігінде Тараптардың шарт толық орындалғанға дейін қолданылады.

44. Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясының көлемі нақтыланып белгілі бір мерзімге ұзартылады, егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарт мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

44.1. Жылыту жүйесі көппәтерлі тұрғын үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын Кондоминиум мүшесі - Тұтынушы үшін, шарт жыл сайын, егер шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір айда осы шартты бұзу туралы немесе оны қайта қарау туралы тараптардың біреуінің өтініші болмаған жағдайда ұзартылған болып саналады.

44.2. Құрылыс-монтаждау, әрлеу және сол сияқты жұмысты орындаушы Тұтынушы үшін - жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы Шарттар, Мердігерлік шарт және кез келген өзге де келісім бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына құқығына рұқсатына сәйкес Шарт осы Тұтынушының осы Шарттың 38.4. тармағын толық көлемде орындағанға дейін ұзартылған болып саналады.

45. Шартты бұзу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

Өнім беруші:

"Өскемен жылу жүйелері" АҚ
Өскемен, Максим Горький к., 61,
БСН 970340000020;
ЖСК KZ4796504F0007334332,
БСК IRTYKZKA
" ForteBank" АҚ КБЕ 16
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік
серия 18001 №0022353 02.08.2012 ж.

Тұтынушы:

Жеке есепшоты _____
Мекенжайы _____

Телефон _____
Жеке куәлік № _____ жылғы _____
Куәлік берген орган _____
ЖСН _____
Электрондық пошта мекен-жайы _____

Қолы: _____

Қолы: _____